



«БЕКІТЕМІН»
«Дарын» РЕПО дикторы
Г. ТҮРСЫНОВ

2024 жылғы «___» _____

**Өзге ұлт оқушылары арасында қазақ тілінен
5-10 сынып оқушыларына арналған «Тіл – тәуелсіздік тұғыры»
олимпиадасын өткізу ережесі**

Жалпы ережелер

1. Осы Ереже жалпы орта білім беретін мектептердегі өзге ұлт оқушылары арасында қазақ тілінен 5-10 сынып оқушыларына арналған «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» республикалық олимпиадасының (бұдан әрі - Олимпиада) мақсаттары мен міндеттерін, үйымдастырушылық-әдістемелік қызметінің қамсыздандырылуын, өткізу мен қаржыландыру тәртібін, катысуын және женімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау тәртібін белгілейді.

2. Олимпиаданы үйымдастыруши Қазақстан Республикасы Оқу-агарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РЕПО) болып табылады.

3. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері қарым-қатынас, зияткерлік және рухани даму құралы ретінде мемлекеттік тілді менгеруге қызығушылық танытатын, лингвистикалық бағытытағы дарынды оқушыларды анықтау және қолдау.

Олимпиада қатысушылары

4. Олимпиадага қазақ мектептерінде оқынайтын, ұлты қазақ емес 5-10 сынып оқушылары қатыса алады.

Олимпиаданы үйымдастыру және өткізу тәртібі

5. Олимпиаданы дайындау және өткізу жөніндегі үйымдастыру жұмыстарын үйлестіру және жүзеге асыру үшін республикалық үйымдастыру комитеті құрылады.

6. Үйымдастыру комитеті Олимпиаданың қашықтықтан өткізілуіне тікелей басшылықты жүзеге асырады, Олимпиаданың женімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттайтыны.

7. Қазақ тілі бойынша олимпиада тапсырмалары (бұдан әрі - Олимпиадалық тапсырмалар) негізгі жалпы және жалпы орта білім беру бағдарламаларының мазмұнына, пәнді терендептіп оқыту деңгейіне негізделіп, әрбір сынып үшін әзірленеді.

8. Үйымдастыру комитеті қатысушылардың жұмыстарын бағалайды, Олимпиада корытындысы бойынша женімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайтыны.

9. Олимпиада қашықтыктан, онлайн режимде өткізіледі.

Қатысушылар www.games.daryn.kz платформасындағы (бұдан әрі - Платформа) жеке кабинетіне кіріп, олимпиадаға қатысуын растауы керек. Жеке кабинеті болмаған жағдайда, қатысушылар ең алдымен Платформада тіркелуі қажет.

10. Қатысу жөніндегі нұсқаулық Олимпиада басталғанға дейін 1 апта бұрын ұйымдастырушының сайтында орналастырылады.

11. Олимпиада тапсырмаларының орындалуына 120 минут бөлінеді:

- лексика-грамматикалық бөлім - 70 тапсырма;
- оқылым - 50 тапсырма.

12. Қатысушылар өз Олимпиадалық тапсырмаларын белгілі бір уақыт ішінде орындаі алады. Қатысушыларға тек компьютер немесе ноутбук және Google Chrome браузері қолдану ұсынылады.

Олимпиаданы өткізу процесінде ашықтықты сақтау мақсатында онлайн режимінде көру үшін бейнебақылау жүйесін камтамасыз ету қажет (бір аудиторияда жалпы түрдегі кемінде екі камера).

13. Нәтижелер тестілеу аяқталғаннан кейін күнтізбелік 10 күн ішінде жарияланады. Олимпиада аяқталғаннан кейін қатысушылар жеке кабинеттеріне кіріп, өз нәтижелерін www.games.daryn.kz сайтында тексері алады.

Накты уақыт режимінде Youtube трансляцияларының сілтемелерін жинау және оларды «Дарын» РҒПО-на ұсыну жауапкершілігі өнірлік «Дарын» орталықтарына жүктеледі.

14. Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті Олимпиада нәтижелері бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлердің тізімін анықтайды және «Дарын» РҒПО сайтына орналастырады.

15. Олимпиаданың корытындысы бойынша апелляция қарастырылмайды.

Корытынды шығару және марапаттау

16. Олимпиада корытындысы бойынша барлық қатысушыларға электронды үлгідегі сертификаттар беріледі, жеңімпаздар мен жүлдегерлер «Дарын» РҒПО-ның I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады. Женімпаздар мен жүлдегерлердің дипломына окушыны олимпиадаға дайындаған мұғалімінің аты-жөні, тегі қоса жазылады.